Туякбай Зеитулы - учитель по призванию, воспитавший не одно поколение педагогов-последователей. Гениальным достижением для западного региона республики можно считать диссертационный совет по защите докторских и кандидатских диссертаций. Благодаря Т.З. Рысбекову в регионе развивается научная школа историков, его ученики успешно трудятся не только в нашей республике, но и далеко за ее пределами. Мы по праву можем гордиться тем, что под руководством Т.З. Рысбекова защищены 2 докторские, 20 кандидатских и более 30 магистерских диссертаций. Из них двадцать кандидатов наук посвятили себя научно-педагогической деятельности: А.С. Тасмагамбетов, Р.Л. Абдрахманова, Б.С. Боранбаева, Г.Б. Сулейменова, С.Б. Курманалин, Ж.Ж. Жаксыгалиев, Ж.Т. Ерназаров, А.С. Аманбаев, С.М. Гиззатов, А.М. Балыкова, Л.С. Серикова, А.Ш. Журасова, Ж.А. Исмурзин, А.Б. Аман, А.Т. Маден, Ж.К. Тастаева, М.Г. Дюсенгалиева и др. Связующая нить между учителем и его последователями неразрывно переплетается в поисках научной истины и в наши дни. Т.З. Рысбеков является автором ряда научных и научно-популярных исследований, посвященных становлению казахской государственности, тюркской культуре, национально-освободительным движениям казахского народа, перспективам политического и социально-экономического развития Казахстана, формированию казахстанского патриотизма, актуальным проблемам образования и высшей школы. Он является автором более 700 научных трудов и публикаций, в том числе более сорока монографий, очерков и учебных пособий.

Среди них такие монографии, как «Советы Казахстана (1938-1986 гг.)», «Очерки по истории Казахстана», «Из истории Западного Казахстана», «История Западно-Казахстанской области», «Этюды истории», «История родного края», «История Бокеевской орды», «Мой Казахстан», «История города Уральска» и др. Под редакцией доктора исторических наук Т.З. Рысбекова вышли в свет книги: к 75- летию Великой Победы - книга «Уральск в годы войны» в соавторстве с Ж.Ж. Жаксығалиевым, А.М. Балыковой и другими. На страницах книги рассказывается о героических подвигах воинских подразделений с Приуралья, о самоотверженном труде тружеников тыла, об эвакуированных в военное время заводах. Ведь на то время Уральск был ближним тылом Сталинградского фронта. В соавторстве с В.А. Иночкиным, С.Т. Рысбековой мы работали над учебным пособием «История Западно - Казахстанской области». Учебное пособие было издано и на казахском языке под названием «Батыс Қазақстан облысының тарихы» в соавторстве с Б.К. Биримжаровой, С.Б. Курманалиной, Ж.Ж. Жаксығалиевым, С.Т. Рысбековой. В книге описаны исторические события, история древних цивилизаций, роль движений на западе Казахстана. О народном восстании казахов в 1868-1869 гг. под предводительством С. Туркебаева и С. Оспанова в союзные времена старались умалчивать. Восстание вспыхнуло по берегам озера Шалкар, населенным местностям Ханкол, Азнабай, Тайпак, Анкаты, Оленты. Несмотря на то, что восстание безжалостно подавили карательные отряды, направленные в степь напуганным правительством, народная молва из поколения в поколение, из уст в уста передавала сказания о батырах. О восстании жангалинцев в начале тридцатых годов прошлого столетия против насильственной коллективизации в большинстве учебников истории союзных времен также не упоминается. А ведь со стороны народа были большие потери, пострадали ни в чем не повинные люди. Вскоре после задержания 160 человек из-за недоказанности вины были освобождены. Следствие продолжалось долго, очень многие ушли из жизни за это время. Решением «тройки» при ОГПУ 128 человек отправлены в лагеря, 18 - приговорены к исключительной мере наказания как организаторы восстания. Реабилитировать их удалось только в 1989 году.

Большое внимание академик Туякбай Рысбеков уделяет изучению внешнеэкономических связей Казахстана на постсоветском пространстве. Тема эта не теряет актуальности и в наши дни в связи с геополитической ситуацией. Так, в 2016 году он участвовал в МНПК (международной научно-практической конференции) «V Манякинские чтения», посвященной 55-летию Омского института и 300-летию города Омска. В статье рассматривается современное состояние сотрудничества Казахстана и России в торгово-экономическом аспекте, факторы, сдерживающие развитие и дальнейшие направления торгово-экономического сотрудничества приграничных регионов двух государств. Будучи пламенным патриотом, Туякбай Зеитулы делает все от него зависящее для воспитания подрастающего



поколения. Так, академик Рысбеков раскрывает содержание инклюзивного образования в Казахстане, участвуя в 2015 году в МНПК «Образование взрослых в современном образовательном пространстве: проблемы и перспективы» в Уральском педагогическом университете Екатеринбурга. Целям и механизмам воспитания казахстанской молодежи он посвящает

научную статью, приняв участие в МНПК «Теория и практика воспитания: педагогика и психология» в Москве в 2016 году.

Туякбай Зеитулы - ученый и общественный деятель, известный и уважаемый не только в Приуралье, но и по всей республике, и за ее пределами. Награжден орденом «Парасат», «За особые заслуги и научные исследования» (Германия), «Наполеон» (Франция), обладатель сертификата победителя в номинации «Лучший ученый Оксфорда», обладатель гранта МОН РК «Лучший преподаватель вуза-2013», награжден медалями им. А. Байтурсынова, «Ветеран труда», нагрудным знаком «И. Алтынсарин», «За заслуги в развитии науки в РК», нагрудным знаком «Отличник образования РК», удостоен почетных званий «Заслуженный работник РК», «Почетный гражданин г. Уральска», «Почетный работник образования РК». Жизнь и деятельность Т.З. Рысбекова как умелого организатора, успешного и требовательного руководителя являются ярким примером для подрастающего поколения. Своей целеустремленностью, дальновидностью, кропотливым трудом он успешно преодолевал трудности и находил решения самых сложнейших задач, добиваясь конкретного результата в любом деле, начиная от подготовки специалистов до воплощения прогрессивных идей в организации учебного процесса.

*Жаскайрат Ерназаров,
кандидат исторических наук,
доцент ЗКИТУ,
Светлана Аманова*

Приуралье. - 2022. - 2 июля. - №77. - С. 6-7.

ТАРИХИ ТҰЛҒА



Түп тұқияннан күні бүгінге дейінгі біз білетін бір анық - тарихты тұлғалар жасайды, тарихта тұлғалар сақталады, тарихи қажеттілік тұлғаларды туғызады. Уақытпен дәлелденген осы шындыққа көз жеткізгісі келген кісі болса, кейіпкеріміз көрнекті ғалым, академик Тұяқбай Зейітұлы Рысбековтің өмірі мен шығармашылық жолына үңілуге кеңес береміз.

Түбі бір түркі жұртының мақтанышы Махмұд Қашқаридың «Ұлым, саған айтайын, өсиетін дананың, білімдіні таны да соңына ер, қарағым» деген тәмсілін әңгімеміздің прологі етіп ой сабақтаудағы мақсат, ұстаздық жолда білім мен ғылымға ұмтылған сан шәкіртті соңына ертіп, бағыт беріп, жағдай жасап, мектеп қалыптастырып отырған Тұяқбай Рысбековтің ғылым көгіндегі темірқазыққа айналған тарихи тұлға екенін айту, кейінгі буынға үлгі ету, «бір ғалымды көрсеңіз...» деген өлең жолдарының шынайы өмірде жүзеге асатынын талапты жасқа көрсету идеясы ғана.

Қазіргі таңда 90 жылдық тарихы бар Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің заманауи келбет алуына, имидж қалыптастыруына Тұяқбай Зейітұлының сіңірген еңбегі орасан екенін ел біледі. Аталмыш университет тізгінін тоқсанның тоқырауында қолға алып, министрдің емес, ұжымның қалауымен ректор болып сайланған Рысбековтің жиырма жыл жұмыс ырғағын жорғасынан жаңылдырмаған сұсы мен топтан торай алдырмаған тұсын ұстаздар ұстаханасы аңыз қылып айтып жүр.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары республикадағы екінші жоғары оқу орны болып ашылған университет тарихын парақтап, қалыптасу, даму жылдарына назар аударар болсақ, ректорлар тізімі мен атқарылған істер ақпаратына қанығамыз. Бір анығы, іркіліссіз ілгерілеудің барын түйсініп, тәубе айтасың. Жоғары оқу орнының көрсеткішін материалдық базасымен бірге ғылыми

әлеуетіне қарап танымыз десек, Тұяқбай Зейітұлы басшылық еткен жылдары университеттің жаңа кезеңге аяқ басып, бұрын болмаған мүмкіндіктерге ие болғанын аңғаруға болады. Соның бірі - Отан тарихы мамандығы бойынша алғашында тарих ғылымдарының кандидаты, кейіннен докторы ғылыми дәрежесін беретін біріккен диссертациялық кеңестің университетте ашылуы. Бұл университет тарихындағы ректорларға алдыртпаған асу болатын. Шектеулі уақытқа ректор болу бар да, елдің шектеусіз құрметіне бөлену бар екенін уақыт сыншы дәлелдеп беріп отырғанын республика көлеміндегі жоғары оқу орындары ректорларының тарихына үңілсек, анық көреміз. Көшелілігімен көпшіліктің ықыласын аударған ректорлар көшін Ө. Жолдасбеков, Е. Букетовтер бастап тұрса, сол санатта дауылпаз ақын Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетін ұзақ жыл басқарған Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков те бар.

Кейіпкеріміз ой толғауымыздың тақырыбы етіп алып отырған тұлға мәселесін өзінің «Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары» атты зерттеу еңбегінде өмірден түйгенін өз өмірімен байланысты тінін тірліктің шүйкесімен бір ескенін түйсінеміз. Әңгімеміздің арқауына айналар ауторлық толғаныстан бір үзік келтірейік. «Жалпы тұрғыдан алып қарағанда, тарихи тұлғалар былайша анықталады, бұлар - жағдайлардың күшімен және жеке басының сапаларымен тарих тұғырына көтерілгендер. Олар - тек іс-әрекеттің және саясаттың қайраткерлері ғана емес, сонымен қатар ойлағыш адамдар, не қажет және не уақтылы және өзінің соңынан басқаларды, бұқараны ерте алатын рухани басшылар. Бұл адамдар тарихи қажеттілікті сезінеді және қабылдай алады».

Біз сілтеме жасап отырған тұжырымдамада тұлғалардың жағдайдың күшімен және жеке басының сапаларымен тарих тұғырына көтерілетіні айтылады. Енді осыны кейіпкерімізбен қабыстырсақ. Әңгімеміздің басында Тұяқбай Зейітұлының университет ректоры болуына ұжымның ықпалы, яғни қалауы болғанын айтқан болатынбыз. Бұл сонау тоқсаныншы жылдар саясатындағы қайта құру, демократиялық жаңғыру әсерімен жүзеге асқан оң құбылыс еді. Бұлай дейтін себебіміз сол кездегі А. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты 60 жылдық тарихында алғаш рет 1991 жылы наурыз айында ұжымның жалпы жиналысында тікелей сайлау нәтижесінде өз басшысын өзі

сайлады. Тұлғалардың анықталуындағы жағдайлардың күші дегенде осыны айтпақпыз. Тұжырымдамадағы екінші жеке басының сапаларымен тарих тұғырына көтерілу мәселесін таратсақ. Тұяқбай Зейітұлы туралы жазылған мақалаларда құрдастары мен тұстастары студенттік жылдарды сағына еске ала отырып, Төкеңнің сан қырлылығы мен өнерге жақындығы, топтағы көшбасшылығын ат жалын тартып мінгелі барлығын қызықты етіп баяндайды. Алғаш Жамбыл педучилищесі, кейін қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттік жылдар естелігі адами қасиеттерімен ортаға танылудың алғашқы баспалдақтары болса, бұл арнайы жолдамамен 1971 жылы Орал пединститутына ұстаздық қызметке келген жылдардан шыңдала түскенін байқаймыз. Отыз жасында орда бұзып, кандидаттық диссертация қорғауының өзі сол кезең үшін шет аймақтағы Орал пединститутында екінің бірі жете алмайтын ғылым жолындағы нәтиже болатын.

Тұяқбай Зейітұлының ұжым басқарудағы тәжірибесі мен жеке басының сапалық қасиеттері 1979 жылы кафедра меңгерушісі болып тағайындалуымен толыса түсті деп айта аламыз. Он жылдай кафедраны басқарып, 1988 жылы дербес шыққан тарих факультетінің деканы қызметіне жоғарылатылған Тұяқбай Зейітұлы мансап биігінде ғана емес, ғылым жолында да ілгерілегенін 1990 жылы отандық тарих ғылымының қара шаңырағы Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығуынан көреміз. Ұжым басқару мен ғылымды нәтижелі қатар алып жүруі Абайдың «Екі кеме құйрығын, ұста жетсе бұйрығың» афоризмін еске түсіреді. Тәуелсіздік таңы жақындаған тұстағы демократиялық жаңару ықпалымен ректорлыққа кандидатура ұсынылған тұста білім ордасының ұжымы лайықты азамат деп Тұяқбай Рысбековті таңдады. Міне, бұл да «жеке басының сапаларымен тарих тұғырына көтерілу» тұжырымдамасы тұғырнамасының растығын дәлелдейді.

Уақыт талабына сай тұлғаны анықтайтын іс-әрекет пен саясаттағы қайраткерлік Тұяқбай Зейітұлы келбетін ректорлық қызметке келуімен шыңдай түскенін аңғарамыз. Әрине, мұны бір мақала көлемінде таратып айту мүмкін емес. Түрлі деңгейдегі дөңгелек үстел басындағы кеңестер мен ғылыми конференцияларды ұйымдастыру, баяндама жасау, сондай-ақ

қалалық, облыстық мәслихат депутаты ретінде халықтың аманатын орындау жылдары - кейіпкеріміздің тарихи тұлға деңгейіне көтерілгенін анықтайтын іс-әрекет пен саясаттағы қайраткерлік көрінісі.

Тұяқбай Зейітұлы - ел тәуелсіздік алғаннан кейін жоғары және орта мектептерде оқу процесін заман көшіне сай ұлттық болмысқа басымдық бере отырып дамыту бағытын ұстанған басшының бірі. Ол кезде Оралда мұрты едірейіп шыға келетін қызыл қалпақты казактардың көбесі әлі де сөгіле қоймаған қалада жалғыз ғана қазақ мектебі бар кез болатын. Батыс Қазақстан облысында да қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері жетіспейтініне көз жеткізген Тұяқбай Зейітұлы 1992 жылы ректорлық тәжірибесі бір жылдығына қарамастан көрегенділік танытып, профессор М. Тілеужанов екеуі министрлікке облыстағы кадр тапшылығын түсіндіріп, сол жылы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 5 курсы мен 4 курсын қатар бітіріп, облыстағы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының бойына қан жүгірткенін қауым ел және осы жолдардың авторы жақсы біледі.

Кеңестік жүйенің ыдырауы ел экономикасын шатқаяқтатып, ішкі және сыртқы миграция толқынын арттырғаны белгілі. Тарихи отанына кетушілер мен жан бағу қамымен ауыл-аймақ атақоныстан аудан, облыс орталығына ағылған ел білім жүйесіндегі тепе-теңдікті де бұзып кетті. Осы кезде білікті басшы Тұяқбай Зейітұлы шағын мектептерге әмбебап педагог кадрлар даярлау ісін шұғыл қолға алып, өзінің ойлағыштығын, қоғамға не қажеттігін дер кезінде шеше білетін үйлестірушілік қабілетін танытты. Кейін бұл бастама республика көлемінде шағын мектептерге әмбебап педагог кадрлар даярлау ісінде жетекшілік мәнге ие болды.

Облыс көлеміндегі дарынды балаларды орталықтандырып тереңдетілген арнайы бағдарламамен оқытатын мектеп ашу ісінде де Тұяқбай Зейітұлы аз тер төккен жоқ. Қаламыздағы дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы мектеп жеке отау тікпес бұрын қазіргі М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанында көп бағытты лицей-мектеп болып Рысбековтің бастамашылығымен 1993 жылы іргетасы қаланған болатын. Мұндай жарқын істердің нәтижесі деп университеттің жетістіктерін, алдыңғы қатарлы оқу орындарымен иық теңестіріп халықаралық деңгейге көтерілуін, кредиттік оқыту

жүйесінің дәстүрлі оқу жүйесімен сабақтастырылуын айтсақ болады. Бүгінгі күні «ұлдың өзі болғандай, қыздың өзі толғандай» болуы мүмкін, ақиқатында университет тарихындағы күрмеуі қиын күрделі мәселелерді көреген ректор Тұяқбай Зейітұлы сақасының иіріп тастағанда алшысынан тұрып, оңтайлы шешімін тапқаны көптің жадында.



Тұяқбай Зейітұлы тұлға туралы толғанысында олар «өзінің соңынан басқаларды, бұқараны ерте алатын рухани басшылар. Бұл адамдар тарихи қажеттілікті сезінеді және қабылдай алады» деп ойын қорытындыласа, тарихи тұлға деп танып отырған кейіпкеріміздің рухани көшбасшылығы, тарихи қажеттілікті сезінуі туралы сөзімізді Жүсіп Баласағұнның «Ғалымдар серке секілді қайда бастаса да тура жолға бастайды» деген тәлімімен тұздықтауды жөн көріп отырмыз.

Тұяқбай Зейітұлы - тарихшы ғалым ретінде өзін ғылыми ортада мойындатқан тұлға. Бұған жазған еңбектері мен ғылыми жетекшілігімен қорғалған 2 докторлық, 20 кандидаттық, 40-тан астам магистрлік диссертация дәлел. Осыншама адамды ғылым жолына тарта білуі рухани басшылығын танытса, кеңес идеологиясы айтқызбаған тарихи ақтаңдақтарды жазуы, шәкірттеріне тақырып етіп ұсынуы - тарихи қажеттілікті сезінуі және қабылдай алуы.

Тұяқбай Зейітұлының жарияланымдары мен шәкірттерінің зерттеу нысандарына қарасаңыз, сабақтастықты, бірін-бірі толықтыруды байқарыңыз анық. Үңіле түссең, Батыс Қазақстан аймағының үш ғасырдан астам тарихи энциклопедиясына жолығасыз. Тұлғалар, жер-су қоныстар, алыс-беріс, дала-қала халқының ахуалы, ағарту, ақпарат, шаруашылық, өндіріс тағы да басқа аймақ тарихының ғасырлар тынысын аңғартатын еңбектері - осының дәлелі.

Жаһандану дәуірінде тілін тұғырға қонғызып, тарихын түгел деп таразылаған халық қана келер жүз жылдықтардың табалдырығынан аттай алады. Мәңгілік ел болу, ұлттық кодымызды сақтау, кейінгі буынды соңынан ерте білетін, тарихи қажеттілікті сезіне алатын уызынан ұлттық болмысқа жарыған рухани көшбасшыларға тән. Соның бірі Батыс Қазақстан аймағындағы тарих ғылымының шамшырағына айналған, мектеп қалыптастырған ұлтымыздың ұлық ұлдарының бірі - Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков.

Мұны бізден әлдеқайда бұрын көрнекті ақын Күләш Ахметова «Таластың сәлемі» өлеңінде «Ұлтының мүддесін ойлаған, Ұл едің тұлғалы» деп айтқан болатын.

Тұяқбай Зейітұлы еңбектерінің хронологиялық көрсеткішіне қарасақ, жарты ғасырға жуық тарих ғылымына талмай қызмет етіп келе жатқанын көреміз. Сол жылдар аралығында ғалым 700-ден аса ғылыми және ғылыми-әдістемелік басылым жариялады. Қаншама архивтің шаңын қағып, ғылыми шығармашылық жұмыспен айналысудың азабы мен рақатын осы жолда жүргендер ғана біледі.

Тарих ғылымының докторы, профессор бірнеше отандық және алыс-жақын шетелдер академиясының академигі, «Парасат» орденінің кавалері Тұяқбай Зейітұлының білім мен ғылым саласындағы көп жылғы еселі еңбегі ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР үкіметі тарапынан сан рет марапатталды. Ел ағасының ресми билікпен қоса елдің де алғысын алғанын көзбен көрген жайым бар. Орал қаласындағы Чапаев көшесінің тұрғыны, қарт ана Төкеңе тұрған үйінің терезесінің тозығы, жетіп тұрғанын айтып, қолғабыс сұрайды. Тілегі орындалған ананың тілегі «Тәңірім Тұяқбайжанның көңіл терезесін кірлетпе, көлеңкеңді түсірме» болды. Бүгінгі таңда тарихи тұлғаға айналып отырған Тұяқбай Зейітұлы әулеттің ғана әкесі емес, елдің де рухани әкесі.

Бұған білімнің қара шаңырағында қара ормандай бой түзеген шәкірттері дәлел.

Алты алаштың баласы жиналғанда ұстаздың орны төр болса, қазақтың тарихын, руханиятын төрге тартып жүрген тарихи тұлға, ұлағатты ұстаз Тұяқбай Зейітұлының 75 жылдық мерейтойы қазақ баласының ұқсап бағып, бой түзейтін бір төрі болуы керек.

Тілек біреу, төрт құбылаңыз аман болсын, түйін біреу: «Тұлға да пенде. Ендеше, оның бойында да басқа адамдарға тән олпы-солпы іс-әрекеттер болуы заңды. Мысалы, заман ағымын дер кезінде түсінбеу, дұрыс қабылдай алмау жағдайлары да кездесе береді. Бұларға әр адамның бойында болатын жеке қасиеттері мен болуға, болмауға тиіс әрекеттерді қосыңыз. Осы ұстанымды қабылдасақ, тарихи әділдік болар еді. Жігерлі, қайратты, ақылды адамдардан көп нәрсені күтуге болады, бірақ ойымызға алғанның бәрін күту - әбестік».

*Азамат МАМЫРОВ,
Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық
университетінің қауымдастырылған профессоры*

Oral oniri. - 2022. - 7 шілде. - №79. - Б. 6-7.

ҒҰМЫРЫ ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ҒАЛЫМ

XX ғасыр басында «елім-айлап» ұлт көшінің басына шығып, жол бастаған қазақ рухани ой-санасының айдындары - Әлихан, Ахметтер ұлы мақсаттың жетегінде жүріп, қызыл саясаттың қанды қырғынында қыршынынан қиылды. Басына небір қара күн, нәубет келсе де, қазақ рухының толқыны үзілмеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында тарих сахнасының алдыңғы қатарына маңдайы жарқырап Б. Момышұлы, М. Әуезов, Қ. Сәтбаевтар шығып, қазақтың аспан астында, жер үстінде алшаң басып өркениетті елдермен иық түйістіріп жүре алатын ежелі көк түріктің ұрпағы екенін көрсетті. Ал Ұлы Отан соғысы жылдары және одан кейінгі кезеңде дүниеге келген өртеңге шыққан жас желектей өскелең ұрпақтың орны тым ерекше. Бұл ұрпақтың үлесіне қазақ руханиятын күллі Одаққа, қала берді әлемге таныту міндеті тұрды. Тарихты зерделесек, осы ұрпақ XX ғасырдың 60-70 жылдары атқа мініп, әдебиет, тіл, тарих, мәдениет, білім саласына, тіпті күллі қазақ руханиятына үлес қосты. Сол ұрпақтың белді өкілдерінің бірі - тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының құрметті академигі Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков.

Тарих - табиғат пен қоғамның өткен жол



Ол - ұлтымыздың салтанатты көш-керуенінің сілемдері қалған қасиетті Қаратау жотасын тепкілей аққан Таластың жағасында дүниеге келген. Бір әулеттің ізбасары, тұяғы. Дегенмен еліктің сүтін ішіп өскен еркебұлан болса да, еңбекқор, мақсаткер болып жетілді. Талабы таудай бозбала асау арманның жалына жармасып, дүниенің аламан бәйгесіне қосылды да кетті. 1965 жылы Жамбыл педучилищесін үздік дипломмен аяқтап, ауылға барып, бастауыш мектепте мұғалім болды. Келесі жылы өзі сүйген тарих мамандығын таңдап, қазақ білімінің қара шаңырағы - ұлттық университетке (бүгінгі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) оқуға түсті. С.Кенжебаев, С.Жантуаров, Н.Дауылбаев, Х.Арғынбаев сияқты ғұлама ғалымдардың дәрісін тыңдап, болашағынан үміт күттірген

шәкірт болды. Студенттік бал дәурен шақтарда, махаббат қызық мол жылдарда Ақжайықтың аруы - Баянмен қол ұстасып, тілекке тілек, жүрекке жүрек қосты. Жұптасқан екі жас университетті үздік дипломмен аяқтап, Ағарту министрлігінің жолдамасымен Қазақстанның көне жоғары оқу орындарының бірі - А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық университетіне жұмысқа келді. Бұл 1971 жыл болатын. Осы кезеңнен бастап, Тұяқбай Зейітұлының бар саналы ғұмыры Орал педагогикалық институтымен тығыз байланыста өрбіді.

Орал өңірі де Таластың тарпаң ұлын жатсынбай, балам деп бауырына басқан соң, жұртым дейтін азамат қалыптасты. Ағаң келсе - ардақтап атын байлағандай, қонағың келсе - құрметтеп, көңілін жайлағандай өлкеміздің берекелі, мерекелі шаңырағына айналды. Ұлтты құтқаратын ең ұлы тұлғалар - ұстаздар екенін жадына тоқып өскен жас маман аудиторияда дәріс оқи жүріп, ғылыммен шұғылдануды да естен шығармады. Ғылыммен айналысам деген адамның ақыл-ойы - айқын, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты - ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге дайын болуы шарт. Осындай талап үдесіне сай Тұяқбай Зейітұлы ұстаздықпен қатар ғылыми жұмыспен айналысуды өмірінің мазмұны мен мақсатына айналдырды. 1977 жылы профессор Д. Дулатованың жетекшілігімен тарих мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Ғылым жолында кейінгі жасқа кеңес берер алдыңғы жақсылардың, атап айтсақ, қазақ тарихы ғылымының марқасқалары - академик М. Қозыбаев, К. Нұрпейісовтердің ағалық шапағатын көріп, толғауы тоқсан тарих ғылымының ұлы көшіне ілесті. Т. Рысбековтің ғылымдағы үлкен белесі - 1990 жылы «Қазақстан кеңестерінің 1938-60 жылдары аралығындағы шаруашылық және мәдени қызметі» атты тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығуы. «Барлық билік кеңестерге берілсін» деп жар салған кеңес өкіметінің Қазақ елін жетістірген тұстары да, кесапат кесірін тигізген тұстары да баршылық. Тарих - табиғат пен қоғамның уақыт пен кеңістіктегі өткен жолы болса, кеңестер тарихы - біздің тарих. Ал тарихты азаматтық көзқараспен зерделеу - парыз. Бұл мәселеде ғалым өзіндік тұжырымдарын ұсына білді.

Биік парасат иесі

Тұяқбай Зейітұлының ғылыми қызметін екі кезеңге бөліп қарауға болады. Бірінші кезең - Кеңестік Қазақстан тұсы да, екінші

кезең - Тәуелсіз Қазақстан дәуірі. 90-жылдары елімізде демократиялық жаңару кезеңі болды да, Орал педагогикалық институты өз басшысын өзі сайлап, 1991 жылы Т. Рысбеков институт ректоры болып тағайындалды. Күрделі экономикалық қиындықтарға қарамастан, Тұяқбай Зейітұлының қайраткерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жаңа заман сұранысына сай келетін мамандықтар ашылып, жаңа үрдіспен білім беру ісі қолға алынды. Ректордың бастамасымен университеттің басқару құрылымы жетілдірілді. Ал 2002 жылы Т. Рысбеков жаңа жұмысқа ауысып, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшылығына сайланды. Бірақ ол қызметте аз ғана уақыт болған Тұқаң өзінің бауыр басқан білім саласына қайта оралып, Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректорлығына тағайындалды. Университетте оң өзгерістер жалғасын тапты. 2005 жылы қыркүйек айында М. Өтемісұлы атындағы БҚМУ қазақстандық жоғары оқу орындарының бірі болып жалпы еуропалық білім беру жүйесінің стандарттарын ұстанатын құжат - Болонья (Италия) Магна Хартиясына қол қойды. 2005 жылы университетте Т. Рысбековтің табандылығының, іскерлігінің арқасында «Отан тарихы» мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғайтын Аймақтық диссертациялық кеңес ашылды.

«Дегендер «мен жақсымын» толып жатыр, жақсылығы өзінен артылмаған» дегендей, бұл - парасатты ағаның үлкен жақсылығы еді. Жақсылық айналасына ұрығын шашпаса, жапанда өскен жалғыз бәйтеректей тұл қалады. Ал ұрығын шашса, бәйтерек қалың тоғайға айналады, жақсылықтан жақсылық өрбиді. Жақсы ағаның игі ісі арқасында осы ғылыми кеңестен өлкеміздің ғана емес, республиканың талай жасы ғылымның есігін ашты. Тұяқбай Зейітұлының қажырлы еңбегінің нәтижесінде өңірімізде тарихшылардың тұтас ғылыми мектебі қалыптасты. Өзін ашқан тұлға өзгені де ашады деген осы.

Профессор Б. Кәрібаев Тұяқбай Зейітұлы туралы «Ол салмақты, турашыл, талапшыл, биік парасат иесі болуымен қатар, өзінен кейінгі буынға ғибрат боларлықтай білім және ғылым саласына қосылған өлшеусіз еңбегімен дараланды. Қаншама шәкірт тәрбиеледі. Қай уақытта да мансаптан, қошеметтен асыптаспады. Алды артын тереңінен ойлап, ары мен намысына жүгініп отырды. Сондықтан ұлтының алдында, халқының алдында оның

жүзі жарық» деп әділ бағасын берген. Иә, парасат иесі болуға, парасаттылыққа қандай да бір оқыған, тоқығандар да, білікті, білімділер де жете алмай кетеді. Парасат, парасаттылық дегеніміз - адам бойындағы бар жақсы қасиеттердің, атап айтсақ, білімділік, біліктілік, шыншылдық, адалдық, іскерлік, мәдениеттілік, тағы басқалардың жиынтығы және жүре қалыптасады. Тұяқбай Зейітұлы парасат биігіне туа бітті тектілік, алғырлық, еңбекқорлық, шыншылдық тағы басқа қабілеттерімен қатар, өмір бойғы білімге құштарлықпен, тынымсыз ғылыми ізденістермен жетті.

Тарихи сана оянбай, ұлттық идеология дамымайды

Тұяқбай Зейітұлы - Орал өңірінің өткен тарихы мен этнографиясын зерттеу ісіне, оны ұйымдастыруға зор үлес қосқан айтулы тұлға. Көрнекті ғалымның бес томдық шығармалар жинағындағы материалдардың жартысынан көбі Батыс Қазақстан тақырыбына арналған. Сондықтан кітапта қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі таңдамалы ғылыми еңбектері де топтастырылып берілген. Ғылыми еңбектердің тақырыбы ұлтымыздың кешегі тарихы мен бүгінгі әлеуметтік - педагогикалық мәселелеріне арналуымен құнды. Атап айтсақ, «И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтеріліс тарихынан», «Қазақтың батыр қызы Мәншүк», «Культура тюркской государственности - важное национальное наследие», «Миссия высших учебных заведений в сфере культуры и искусства в сохранении и пропаганде культурного наследия» атты ғылыми еңбектері өзекті мәселелерді ғылыми жаңаша тұжырымдауымен құнды. Әсіресе ғалымның «Өскен өлке тарихы» кітабы Орал өңірінің арғы-бергі тарихынан сыр шертеді. Тарихшы Орал қаласының пайда болу тарихын XVII ғ. басында емес, одан әлдеқайда ертерек замандардан іздеу қажеттігін болжайды. Сонымен қатар қазақтардың қаланы Теке деп атауының сырына үңіледі. «Оқырман көңілін аударатын жағдай Текке түрік тілінде мешіт, діни орын деген мағына білдіреді. Олай болса, ол оғыз дәуірінде пайда болған. Текке қаласы қазақтардың (жалпы түркі тілдес тайпалардың) үлкен діни орнына айналған орталығы болды деген тұжырым айтуға болады». Ғалымның пікірін түрік мақалы да дәлелдей түседі: «Қожа Меккеде болар, дәруіш Теккеде болар».

«Тарих - адамзаттың көптеген ұрпақтары жинаған рухани-адамгершілік, мәдени және әлеуметтік тәжірибесі» (Л.И. Семенникова). Дегенмен тарих кей тұстарда саясаттың ықпалында

өмір сүреді. Бір дәуірдегі тұжырымдалған тарихи жағдаятты саяси жүйе ауысқанда басқа қырынан жаңаша зерттеу посткеңестік жүйеде қалыпты құбылысқа айналды. Шынайы шындық пен аңсарлы ақиқатты табу оқырманға қиындық тудырып жатқан тұстары да бар. Тұяқбай Зейітұлы сияқты кәсіби маманды тыңдасак: «Тарихшының міндеті - өткен өмірді барынша жарқыратып немесе барынша «қаралап» көрсетуде емес, тарихты бұлдыр, көмескі немесе қисық түсіндірмеуде. Тарих саяси процестің жеделдеуі үшін емес, оның тұрақтануы үшін, келісім мен татулық үшін жұмыс істейді. Кәсіби тарих ендігі жерде саясатшының сапа белгісі мен бағасына тәуелді бола алмайды». Дұрыс, айқын тұжырым. Саясаттан тыс шынайы тарих - жас ұрпақты шыншылдыққа, әділдік үшін күреске тәрбиелейтін бірден-бір ұстын. Тарихи сана арқылы жастарды тәрбиелеу - ұстаз парызы. Тарихи сана оянбай ұлттық идеология дамымайды.

Ұлағатты ұстаз Т. Рысбеков балаларымыздың біз жіберген қателіктер мен кемшіліктерді жібермеуіне көмектесу және көпшілігіміздің қолымыз жете қоймаған ішкі рухани еркіндік пен бостандықтың жастарымызға тән болуына ықпал ету парызымыз әрі міндетіміз деп, тәрбие ісін қашанда жоғары қояды. Жаңа Қазақстанның жас өрендерін тәрбиелеуде айтары мол азаматтың өнегелі өмірі бәрімізге үлгі. Бақ пен дәулеті тең келген кемел тұлға әрқашан парасат биігінде.

*Мұрат Сабыр,
филология ғылымының докторы, профессор
Орал қаласы*

Қазақ әдебиеті. - 2022. - №27-28. - Б. 46.

БІЗ ДЕ СТУДЕНТ БОЛҒАНБЫЗ...

«Уақыттан асқан билік жоқ, уақыттан асқан жүйрік жоқ» демекші, осыдан 50 жыл бұрын арман қуған жастар Қазақстанның түкпір-түкпіріне зор шабытпен аттандық. Осы уақыт аралығында қоғамда да, біздің өмірімізде де елеулі өзгерістер болды...» деп еске алады Алатау бөктеріндегі білім мен ғылымның қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін 50 жыл бұрын бітірген түлек, бүгінде тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков.



Жетістікке жету жолы еңбек екенін атап өткен, іспен дәлелдеген университеттің 1971 жылғы түлегі. Оқу орнын бітірген 50 жылдық кездесу қарсаңында Тұяқбай Зейітұлы: «Біздің ҚазҰУ-ды бітіргеніміздің 50 жылдығы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Адам баласы жақсылыққа тез үйренеді. Соңғы жылдарда елімізде болып жатқан оң өзгерістер – тәуелсіздіктің арқасы. Сондықтан да елдің болашақ тағдыры мен тәуелсіздік ұғымдары бір-бірінен алшақ кетпейді.

Тәуелсіздік жолы тақтайдай тегіс болмайтынына біз осы осы жылдардың ішінде көз жеткіздік.

Тәуелсіздікпен мақтану, желпіну аз. Қазіргі басты міндет пен парыз – тәуелсіздікті көздіңқарашығындай сақтау және оны әрі қарай нығайту. Халқымыздың басына түскен қандай да бірсынаққа қарамастан, тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы жасампаз істерімізді жалғастыра беруімізқажет. Өйткені тәуелсіздік бәрінен де қымбат, бәрінен де қастерлі».

Осы уақыт аралығында университет бітірген өрімдей жастардың барлығы бүгінде отбасылы боп, ұл-қыз өсіріп, оларды үйлендіріп, құтты орындарына қондырып, немере-шөбере сүйген,



мәуелі бәйтерекке айналған жандар. Қандай да болсын жетістікке жетудің жолы еңбек екенін естен шығармаған жастар. Соның нәтижесінде әртүрлі лауазымдарға көтерілген, түрлі марапаттарға ие болған, университеттен алған білімдерін жас ұрпаққа өз деңгейінде жеткізе білгендер. Жастарды әркез адамгершілікке баулыған жандар. Міне, осындай университеттің жас түлектері білім алған қара шаңырағын ұмытпасы анық. Білім берген оқу ордасы да мұндай түлектерімен мақтанары хақ.

Мақтаулы түлектер қатарындағы Тұяқбай Зейітұлы бұл кездесуге жалғыз барған жоқ. Бір топта білім алып, бір мамандықта оқыған, диплом алғасын бір өңірге келіп, бірге қызмет атқарған, бір отбасын құрып, екі ғалым, екі тарихшы боп, бүгінде еңбектің зейнеттік жасына жеткен ғалым, ұстаз Шынтемірова Баян Ғабасқызымен бірге барды. Мерейлі 50 жылдық кездесулерінен

кейін Баян Ғаббасқызы оқу бітіріп, еңбекке араласқан алғашқы жылдарын сағына еске алады.

- 1971 жылы Киров атындағы КазГУ-ды бітіріп келдік. Керемет жылдар, жастық оты жалындап тұрған шақ. М. Өтемісов атындағы БҚУ, бұрынғы А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институтына жолдамамен жіберген, дәлірек айтқанда тарих факультетіне қарасты дүние жүзі тарихы және саяси пәндер кафедрасында аға оқытушы боп бастадық. Ол кезде институттың ректоры тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Сидоров Виктор Кузьмич болатын. Тарихшы ғалымдардың қатарының көбеюіне қолдау жасаған бірден-бір жан. Ол кезде аспирантураға жолдама көп беріле бермейтін. Ректор боп тұрған тұста да, кейін де министрлікке ауысып, қызмет атқарғанда оралдық ғалымдарға деген ағалық қолдауын тоқтатпады. Өте керемет адам болды. Кафедрада мықты ғалым-ұстаздар қызмет атқаратын. Г.А. Кушаев, О.И. Гришина, П.Р. Букаткиндер біз секілді жастарды жылы қабылдап, ұстаздық жолда өнегелі үлгі көрсетті.

Бір жыл жұмыс жасадық институтта. Оқытушыларға берілген жатақханада тұрдық. Бір жылдан кейіносы институтқа бір жолдамамен келген Тұяқбай Зейітұлымен бас қосып, отбасылы болдық. Тұяқбай Зейітұлы 29 жасында кандидаттық диссертациясын қорғап, сол кездегі ең жас тарих ғылымдарының кандидаты атанса, мен кейінірек аспирантураға түсіп, 41 жасымда қорғаппын. Ол кезде қорғау процесінің өзі бөлек болатын. Қатарынан 9 аспирант қорғап келіп, институт ұжымы қатты қуанған кездер әлі есімізде. Кейін ғылым докторы атандық».

Оқыған топтарының да осал болмағаны анық. Бір топтан 6 ғылым кандидаты, 2 ғылым докторышықса, курс бойынша 4 ғылым докторы шыққан екен.

Түлектердің 50 жылдық кездесуі қарсаңында өз түлектерін жинаған білім ордасы мақтаулы түлектеріне деген құрметтерін ұмытпағаны хақ. Мерекелік кездесуде Тұяқбай Зейітұлын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттаған.

Ұстаздық пен ғалымдықты қатар тізгіндеген курстастар, бүгінде олардың барлығы еліміздің әр өңірінде қызмет еткен, абырой биігіне жеткен ардагер ұстаздар, аяулы жандар. 50 жылдық кездесуде барлығымен бірдей кездеспесе де, бірге білім алған біраз жас, қазір еңселі жас төріндегі жандар үміт пен арманға толы

жастық кезеңді бір сәт еске алып, білім берген қара шаңырақтарына алғыс айтып, құрметіне бөленіп қайтқандай.

*Рита Сұлтанғалиева,
М.Өтемісов атындағы БҚУ
қауымдастырылған профессоры*

Жайық пресс. - 2021. - 9 қыркүйек

АБЫРОЙ БИГІ

Ұлы Дала тұлғалары» дестесі аясында ҰҒА академигі У. Қалижановтың басшылығымен жарияланған «Абай» атты кітап жақында қолыма тиді. Мұнда заңғар жазушы М. Әуезовтің 1933 жылы алғаш жарық көрген «Абайдың туысы мен өмірі» мақаласы берілген екен. Еңбекті оқып отырып болашақ ұлы ақын балалық шағында екі шешенің — Ұлжан мен Айғыздың ортасында өскендіктен үлкендер «Телқара» атағанын білгенде, есіме әріптес ағам Тұяқбай Рысбеков түсе кетті.

Бұл әсте кездейсоқтық емес еді. Тәкеннің мерейтойы жақындап келе жатқанын білетінмін. Телефон арқылы сөйлескенімізге де көп уақыт өте қойған жоқ - тын. Ең бастысы, ол Оңтүстік пен Батыстай екі өңірдің, универ-ситеттік және академиялық екі ғылымның ортақ перзенті бола алған телқара екендігі.

Тұяқбай Жамбыл облысына қарасты Талас ауданының Ақкөл ауылында жетпіс жыл бұрын дүниеге келіпті. Бұл - соғыстан кейінгі қиын кезең. Адамдар бір-біріне көмек қолын созуға әзір уақыт қой. Осыны көрген балалар да қамқор, мейірімді болып өсті.

Тұяқбай ауыл мектебінде білім алды. Балалық шақпен қоштаспай жатып, Жамбыл қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищеге оқуға түседі. Білімді азамат болу сол уақыттағы қазақ қоғамының ұлттық идеясы десек, артық айтқандық емес. Балаң жігіт білім нәрінен сусындауға барын салады. Педучилищені үздік дипломмен бітіріп, еңбек жолын бастауыш мектеп мұғалімдігінен бастағанда да әрі қарай оқу керектігін бір сәт естен шығармайды.

Асыл арман оны Алматыға, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетіне алып келді. Міне, тап осы студенттік шақта Тұяқ-бай оқу мен өнердің, білім мен ғылымның телқарасы бола алды. Университеттегі «Жеті муза» қоғамының, театр студиясының, «Аққу» ансамблінің белсенді мүшесі оқуды үздік үлгеріммен көмкерді. Тіпті, М.Әуезов театрында «Беу, қыздар-ай» пьесасы қойылғанда доцент Қасен рөлін ойнауға тартылғаны бар.

Университеттегі оқуын академиялық ортаға енумен

ұштастырды. Қазақ КСР Ғылым академиясының табалдырығынан аттаған сәтті күні кешегідей әлі жадында. Еңселі ғимаратта орналасқан Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының ғалымдары жас студентті жатыр- қаған жоқ. Әйгілі этнограф Х. Арғынбаев экспедицияға шақырып, қазақ отбасын зерттеудің тамаша мектебінен өткізді.

1971 жылы университетті аяқтаған жас тарихшының тағдырындағы жаңа кезең Орал пединститутына жолдама арқылы қызметке орналасумен басталды. «Айхай жиырма бесінде» Таласы мен Қара- тауын, Алатауы мен Есентайын артта қалдырып, Еділ мен Жайықтың жағасына жайғасқан Тұяқбай жалғыз емес еді. Жанында құдай қосқан қосағы Баян Ғаббасқызы бар болатын.

Содан бері де жарты ғасырға жуық уақыт тұлпардай зулап өте шығыпты. Жас маман есейді, қызметте өсті, ғылымда кемелденді, отбасында қамқор әке, ақыл- гөй ата атанды. 1977 жылы өзі оқыған Қазақ университетінің тарих факультетінде кандидаттық диссертациясын қорғаған соң, Орал пединститутында кафедра меңгерді, жаңадан ашылған тарих факультетін басқарды. Ал 1990 жылы Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтындағы мамандандырылған кеңесте тарих ғылымдарының докторы дәрежесіне диссертациясын қорғайды. Мұнда академиктер К. Нұрпейіс пен М. Асылбековтің қамқорлығына бөленгенін Тәкең күні бүгінге дейін тебіреніспен еске алады.

Диссертацияларында ұлттық тарихымыздың осынау тағылымын жан-жақты зерделеген Т. Рысбеков оны, Мұқағали ақын айтқандай, замана талабына лайық шапан жауып, туған халқына қайтарды. 1991 жылы Орал пединститутына ректорлыққа сайланған ол қысқа мерзім ішінде жоғары оқу орнын университет мәртебесіне жеткізді, жаңа мамандықтар мен кафедралар ұйымдастырды, профессор - оқытушылар құрамын нығайтты. Түйіп айтар болсақ, Т. Рысбеков 20 жылға жуық ректор болған уақыт ішінде М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті еліміздегі мандайалды білім мен ғылым орталығына айналды, әлемдік интеллектуалды кеңістікте алғашқы қадамдарын жасады. Кәсібіне қатысты ізденісі мен жетілуін бір сәтке тоқтатқан жоқ. Біріншіден, теориялық-методологиялық ұстанымдарды жаң- ғырту оңайға соқпады, екіншіден, деректерді жаңадан сүзіп шығуға және оқуға тура

келді, үшіншіден, тарихтағы ақтандақтарды жоюға белсене араласты. Нәтижесі бүгінде кімді болсын тәнті қылғандай. 600 - ден астам ғылыми және ғылыми - көпшілік еңбектерін жариялады, беделді ғылыми форумдарда баяндамалар оқыды, тарихшы ғалымдардың Батыс өңіріндегі танымал мектебін қалыптастырды, шетелдерге іс-сапарға шығып, интеллек- туалды әлеуетті арттырудың әлемдік тәжірибесін кәдеге жаратты. Қалалық және облыстық мәслихаттардың бірнеше дүркін депутаты ретінде тәуелсіздігіміздің демократиялық бастауларын бекемдегені өз алдына бөлек әңгіме.

Бүгінде Батыс Қазақстан аумағының білімі мен ғылымын, руханияты мен қоғамдық-саяси өмірін, тарихи өлкетануы мен тұлғатануын Тұяқбай Рысбековтің есімі мен тындырған ісінсіз елестету мүмкін емес. Қаратаудың кешегі қарадомалағы, Жетісудың қыран бүркіті, Еділ мен Жайықтың, Абай ұлықтағандай, «толық адамы», тарих ғылымдарының телқарасы еңбегімен, ақылымен аялап, баптап өсірген жасыл бағының саясында елінің берекелі ертеңіне тілек қосуда.

*Ханкелді Әбжанов,
ҰҒА академигі*

Егемен Қазақстан. - 2017. - 25 шілде. - №140

КЕЛБЕТ ТҰЛҒА

Түбі бір түркі жұртының мақтанышы Махмұд Қашқаридың «Ұлым, саған айтайын, өсиетін дананың, білімдіні таны да соңына ер, қарағым» тәмсілі өсер елдің бойтұмарына айналса, білім мен ғылымға ұмтылған сан шәкіртті соңына ертіп, бағыт беріп, жағдай жасап, мектеп қалыптастырып отырған академик Тұяқбай Рысбековті ғылым көгіндегі темірқазыққа айналған тұлға десек артық айтқандығымыз емес.

Қазіргі таңда 85 жыл тарихы бар Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде ректордың кеңесшісі қызметін атқарып отырған Тұяқбай Зейітұлының университеттің заманауи келбет алуына, имидж қалыптастыруына сіңірген еңбегі орасан екендігін ел біледі. Аталмыш университет тізгінін тоқсанның тоқырауында қолға алып, министрдің емес, ұжымның қалауымен ректор болып сайланған Рысбековтің жиырма жыл жұмыс ырғағын жор ғасынан жаңылдырмаған сұсы мен топтан торай алдырмаған тұсын ұстаздар ұстаханасы аңыз қылып айтып жүр.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары республикадағы екінші жоғары оқу орны болып ашылған университет тарихын парақтап, қалыптасу, даму жылдарына назар аударар болсақ, ректорлар тізімімен, тындырған ісі туралы ақпаратпен қанығарымыз анық. Бір анығы, іркіліссіз ілгерілеудің барын түйсініп, тәубе айтасың. Жоғары оқу орынның көрсеткішін материалдық базасымен бірге, ғылыми әлеуетіне қарап танимыз десек, Тұяқбай Зейітұлы басшылық еткен жылдары университет жаңа кезеңге аяқ басып, бұрын болмаған мүмкіндіктерге ие болғандығын аңғаруға болады. Соның бірі - Отан тарихы мамандығы бойынша алғашында тарих ғылымдарының кандидаты, кейіннен докторы ғылыми дәрежесін беретін біріккен Диссертациялық кеңестің университетте ашылуы. Бұл университет тарихындағы ректорларға алдыртпаған асу болатын. Шектеулі уақытқа ректор болу бар да, елдің шектеусіз құрметіне бөлену бар екендігін уақыт сыншы дәлелдеп беріп отырғандығын республика көлеміндегі жоғары оқу орындары ректорларының тарихына үңілсек анық көреміз. Көпті көрген көшелілігімен көпшіліктің ықыласын аударған ректорлар көшін Өмірбек Жолдасбеков, Евней Букетов сынды тұлғалар бастап

тұрса, сол санатта дауылпаз ақын Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін ұзақ жылдар басқарған Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков те бар.

Кейіпкеріміз ой толғауымыздың тақырыбы етіп алып отырған тұлға мәселесін өзінің «Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары» атты зерттеу еңбегінде өмірден түйгенін өз өмірімен байланыста тінін тірліктің шүйкесімен бір ескенін түйсінеміз. Әңгімеміздің арқауына айналар авторлық толғаныстан бір үзік келтірейік. «Жалпы тұрғыдан алып қарағанда, тарихи тұлғалар былайша анықталады, бұлар - жағдайлардың күшімен және жеке басының сапаларымен тарих тұғырына көтерілгендер. Олар - тек іс-әрекеттің және саясаттың қайраткерлері ғана емес, сонымен қатар ойлағыш адамдар, не қажет және не уақтылы және өзінің соңынан басқаларды, бұқараны ерте алатын рухани басшылар. Бұл адамдар тарихи қажеттілікті сезінеді және қабылдай алады».

Біз сілтеме жасап отырған тұжырымдамада тұлғалардың жағдайының күшімен және жеке басының сапаларымен тарих тұғырына көтерілетіндігі айтылады. Енді осыны кейіпкерімізбен қабыстырсақ. Әңгімеміздің басында Тұяқбай Зейітұлының университет ректоры болуына ұжымның ықпалы, яғни қалауы болғандығын айтқан болатынбыз. Бұл сонау тоқсаныншы жылдар саясатындағы қайта құру, демократиялық жаңғыру әсерімен жүзеге асқан оң құбылыс еді. Бұлай дейтін себебіміз, сол кездегі А.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты 60 жылдық тарихында алғаш рет 1991 жылы наурыз айында ұжымның жалпы жиналысында тікелей сайлау нәтижесінде өз басшысын өзі сайлады. Тұлғалардың анықталуындағы жағдайлардың күші дегенде осыны айтпақпыз. Тұжырымдамадағы екінші жеке басының сапаларымен тарих тұғырына көтерілу мәселесін таратсақ. Тұяқбай Зейітұлы туралы жазылған мақалаларда құрдастары мен тұстастары студенттік жылдарды сағына еске ала отырып, Төкеннің сан қырлылығы мен өнерге жақындығы, топтағы көшбасшылығын ат жалын тартып мінгелі барлығын қызықты етіп баяндайды. Алғаш Жамбыл педучилищесі, кейін қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттік жылдар естелігі адами қасиеттерімен ортаға танылудың алғашқы баспалдақтары болса, бұл арнайы жолдамамен 1971 жылы Орал пединститутына ұстаздық қызметке келген жылдардан шыңдала түскендігін байқаймыз. Отыз жасында орда бұзып, кандидаттық

диссертация қорғауының өзі сол кезең үшін шет аймақтағы Орал пединститутында екінің бірі жете алмайтын ғылым жолындағы нәтиже болатын.

Оның ұжым басқарудағы тәжірибесі мен жеке басының сапалық қасиеттері 1979 жылы кафедра меңгерушісі болып тағайындалуымен толыса түсті. Он жылдай кафедраны басқарып, 1988 жылы дербес шыққан тарих факультетінің деканы қызметіне жоғарылатылған Тұяқбай Зейітұлы мансап биігінде ғана емес, ғылым жолында да ілгерілегенін 1990 жылы отандық тарих ғылымының қара шаңырағы Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығуынан көреміз. Ұжым басқару мен ғылымды нәтижелі қатар алып жүруі Абайдың «Екі кеме құйрығын, ұста жетсе бұйрығын» афоризмін еске түсіреді. Тәуелсіздік таңы жақындаған тұстағы демократиялық жаңару ықпалымен ректорлыққа кандидатура ұсынылған тұста білім ордасының ұжымы лайықты азамат деп Тұяқбай Зейітұлын таңдады. Міне, бұл да «жеке басының сапаларымен тарих тұғырына көтерілу» тұжырымдамасы тұғырнамасының растығын дәлелдейді.

Уақыт талабына сай тұлғаны анықтайтын іс-әрекет пен саясаттағы қайраткерлік Тұяқбай Зейітұлы келбетін ректорлық қызметке келуімен шындай түскендігін аңғарамыз. Әрине, мұны бір мақала көлемінде таратып айту мүмкін емес. Түрлі деңгейдегі дөңгелек үстел басындағы кеңестер мен ғылыми конференцияларды ұйымдастыру, баяндама жасау, сондай-ақ қалалық, облыстық маслихат депутаты ретінде халықтың аманатын орындау жылдары кейіпкеріміздің тарихи тұлға деңгейіне көтерілгендігін анықтайтын іс-әрекет пен саясаттағы қайраткерлік көрінісі.

Тұяқбай Зейітұлы - ел тәуелсіздік алғаннан кейін жоғары және орта мектептерде оқу процесін заман көшіне сай ұлттық болмысқа басымдық бере отырып дамыту бағытын ұстанған басшының бірі. Ол кезде Оралда мұрты едірейіп шыға келетін қызыл қалпақты казактардың көбесі әлі де сөгіле қоймаған қалада жалғыз ғана қазақ мектебі бар кез болатын. Батыс Қазақстан облысында да қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері жетіспейтіндігіне көз жеткізген Тұяқбай Зейітұлы 1992 жылы ректорлық тәжірибесі бір жылдығына қарамастан көрегенділік танытып, профессор М. Тілеужанов екеуі министрлікке облыстағы

кадр тапшылығын түсіндіріп, сол жылы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 5 курсы мен 4 курсы қатар бітіртіп, облыстағы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының бойына қан жүгірткендігін қауым ел және осы жолдардың авторы жақсы біледі.

Кеңестік жүйенің ыдырауы ел экономикасын шатқаяқтатып, ішкі және сыртқы миграция толқынын арттырғаны белгілі. Тарихи отанына кетушілер мен жан бағу қамымен ауыл-аймақ ата қоныстан аудан, облыс орталығына ағылған ел білім жүйесіндегі тепе-теңдікті де бұзып кетті. Осы кезде білікті басшы Тұяқбай Зейітұлы шағын мектептерге әмбебап педагог кадрлар дайын- дау ісін шұғыл қолға алып, өзінің ойлағыштығын, қоғамға не қажеттігін дер кезінде шеше білетін үйлестірушілік қабілетін танытты. Кейін бұл бастама республика көлемінде шағын мектептерге әмбебап педагог кадрлар дайындау ісінде жетекшілік мәнге ие болды.

Облыс көлеміндегі дарынды балаларды орталықтандырып, тереңдетілген арнайы бағдарламен оқытатын мектеп ашу ісінде де Тұяқбай Зейітұлы аз тер төккен жоқ. Қаламыздағы дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы мектеп жеке отау тікпес бұрын қазіргі М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанында көп бағытты лицей-мектеп болып Рысбековтің бастамашылығымен 1993 жылы іргетасы қаланған болатын. Мұндай жарқын істердің нәтижесі деп университеттің жетістіктерін, алдыңғы қатарлы оқу орындарымен иық теңестіріп халықаралық деңгейге көтерілуін, кредиттік оқыту жүйесінің дәстүрлі оқу жүйесімен са- бақтастырылуын айтсақ болады. Бүгінгі күні «ұлдың өзі болғандай, қыздың өзі толғандай» болуы мүмкін ақиқатында университет тарихындағы күрмеуі қиын күрделі мәселелердің көреген ректор Тұяқбай Зейітұлы сақасының иіріп тастағанда алшысынан тұрып, оңтайлы шешімін тапқандығы көптің жадында.

Тұяқбай Зейітұлы тұлға туралы толғанысында «Олар - өзінің соңынан басқаларды, бұқараны ерте алатын рухани басшылар. Бұл адамдар тарихи қажеттілікті сезінеді және қабылдай алады» деп ойын қорытындыласа, тұлға деп танып отырған кейіпкеріміздің рухани көшбасшылығы, тарихи қажеттілікті сезінуі туралы сөзімізді Жүсіп Баласағұнның «Ғалымдар серке секілді қайда бастаса да тура жолға бастайды» тәмсілімен тұздықтауды жөн көріп отырмыз.

Ғұмыры ғибратты ғалымның - тарихшы ғалым ретінде өзін ғылыми ортада мойындатқан тұлға. Бұған жазған еңбектері мен ғылыми жетекшілігімен қорғалған 2 докторлық, 20 кандидаттық, 24 магистрлік диссертациялар дәлел. Осыншама адамды ғылым жолына тарта білуі - рухани басшылығын танытса, кеңес идеологиясы айтқызбаған тарихи ақтандақтарды жазуы, шәкірттеріне тақырып етіп ұсынуы тарихи қажеттілікті сезінуі және қабылдай алуы.

Тұяқбай Зейітұлының жарияланымдары мен шәкірттерінің зерттеу нысандарына қарасаңыз сабақтастықты, бірін-бірі толықтыруды байқарыңыз анық. Үңіле түссең Батыс Қазақстан аймағының үш ғасырдан астам тарихи энциклопедиясына жолығасыз. Тұлғалар, жер-су қоныстар, алыс-беріс, дала-қала халқының ахуалы, ағарту, ақпарат, шаруашылық, өндіріс, тағы да басқа аймақ тарихының ғасырлар тынысын аңғартатын еңбектер - осының дәлелі.

Жақандану дәуірінде тілін тұғырға қонғызып, тарихын түгелдеп таразылаған халық қана келер жүз жылдықтардың табалдырығынан аттай алады. Мәңгілік ел болу, ұлттық кодымызды сақтау, кейінгі буынды соңынан ерте білетін, тарихи қажеттілікті сезіне алатын уызынан ұлттық болмысқа жарыған рухани көшбасшыларға байланысты. Соның бірі Батыс Қазақстан аймағындағы тарих ғылымының шамшырағына айналған, мектеп қалыптастырған ұлтымыздың ұлық ұлдарының бірі - Тұяқбай Рысбеков.

Мұны бізден әлдеқайда бұрын көрнекті ақын Күләш Ахметова «Таластың сәлемі» өлеңінде «Ұлтының мүддесін ойлаған, Ұл едің тұлғалы» деп айтқан болатын.

Тұяқбай Зейітұлы еңбектерінің хронологиялық көрсеткішіне қарасақ 40 жылдан астам тарих ғылымына талмай қызмет етіп келе жатқандығын көреміз. Сол жылдар аралығында ғалым 600- ден аса ғылыми және ғылыми- әдістемелік басылымдар жариялады. Ақиық ақын Төлеген Айбергеновтің «Өлең жазу оңай ма дейсің қарағым» дегеніндей қаншама архивтің шаңын қағып, ғылыми шығармашылық жұмыспен айналысудың азабы мен рахатын осы жолда жүргендер ғана біледі.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бірнеше отандық және алыс-жақын шетелдер академиясының академигі, «Парасат» орденінің кавалері Тұяқбай Зейітұлының білім мен ғылым

